



БҰЙРЫҚ

№ 2025/18.08

Терекөл ауданы

ПРИКАЗ

№ 1-02/324

с/к Терекөл

**Терекөл ауданының
орта білім беру ұйымдарында
2025-2026 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

Павлодар облысының білім беру басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» № 2-02/464 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудан мектептерінің директорлары оқу жылын бастау және аяқтау мерзімін, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін орындауды қамтамасыз етсін:

1.1. Оқу жылын бастау және аяқтау мерзімі 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 - тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2 - тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3 - тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19 - 29 наурызды қоса алғанда);

1- сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4 - тоқсан – 8 оқу аптасы.

1.2. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:

9- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;